

ШАРТ

<сәйкестендіру нөмірі>

тауарларды сатып алу туралы

<тауардың атауы>

<тапсырыс берушінің аймағы>

<шарт күні>

<тапсырыс берушінің толық атауы>, <қол қоюға негіз болатын құқық белгілейтін құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <тапсырыс берушінің қол қоятын адамының лауазымы және ТАӨ> арқылы бір жағынан және <жеткізушінің резиденттік білгісі> болып табылатын, <лицензия, рұқсат беретін құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізушінің толық атауы>, бұдан әрі «Жеткізуші» деп аталады, <қол қоюға негіз болатын құқық белгілейтін құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізушінің қол қоятын адамының лауазымы және ТАӨ> арқылы екінші жағынан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталып, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 192 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларының (бұдан әрі - Қағидалар) 17-тармағының 1) тармақшасына және <хаттаманың бекітілген күні> тендер тәсілімен <тауардың атауы> сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес осы шартты (бұдан әрі - Шарт) төмендегілер туралы жасасты.

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Тапсырыс беруші _____ сатып алу порталында тендер тәсілімен <тауардың атауы> (бұдан әрі - Тауар) сатып алуды өткізу туралы хабарландыруды орналастырды және Жеткізушінің <ҚҚС сомасын қоспағанда> ___ теңге ___ тиын (___ теңге ___ тиын) сомасына тендерлік өтінімді қабылдады.

1.2. Тапсырыс беруші тапсырады және ақысын төлейді, ал Жеткізуші Тауарды Тауар бірлігінің бағасына, техникалық ерекше нұсқамада көрсетілген атауына, санына, жиынтығына сәйкес Шартта көзделген мерзімде және талаптарда жеткізуге міндеттеме алады.

1.3. Сатып алынатын Тауардың тізбесі мен техникалық ерекше нұсқамасы Шартқа 1 және 2-қосымшаларда көзделген.

2. ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫ ЖӘНЕ АҚЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

2.1. Шарттың жалпы сомасы <ҚҚС сомасын қосқанда> _____ теңге ___ тиын (_____ теңге ___ тиын) (бұдан әрі - Шарттың жалпы сомасы) болады, _____ теңге ___ тиын (_____ теңге ___ тиын) мөлшеріндегі Тауар құнынан, <_____ теңге ___ тиын (_____ теңге ___ тиын) мөлшеріндегі ҚҚС сомасынан тұрады (егер Жеткізуші ҚР резиденті және ҚҚС төлеушісі болса қолданылады)>.

Шарттың жалпы сомасы сақтандыруды, салықтарды, баждарды және өзге де төлемдерді

төлеуді қоса алғанда, Жеткізушінің Тауарды жеткізумен байланысты барлық шығыстарын қамтиды (қажет болған кезде).

Шарттың жалпы сомасы сатып алынатын Тауардың нақты санына байланысты Тауардың бір бірлігінің бағасы өзгермей азайтылуы мүмкін. Бұл ретте Тараптардың Шартқа қосымша келісім жасауы талап етілмейді.

Жеткізілген Тауардың нақты саны *<Тауарды жеткізу фактісін растайтын және Шарт бойынша төлемді жүзеге асыруға негіз болатын құжаттың атауы>* _____ (бұдан әрі - Акт) көрсетіледі.

2.2. Тапсырыс беруші Шарт бойынша ақы төлеуді Жеткізушінің банктік шотына мынадай тәртіппен ақша аударады:

Жеткізуші Шарттың 15-бөлімінде не Шарттың 11.1-тармағында көзделген хабарламада көрсетілген деректемелер бойынша төлем шотын (егер Жеткізуші бейрезидент болса шот-фактураны, инвойсты) берген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Жеткізуші жеткізген және Тапсырыс беруші ілеспе жұмысымен қабылдаған Тауардың нақты саны үшін;

Төлем шоты (егер Жеткізуші бейрезидент болса шот-фактура, инвойс) Актіге екі Тарап та қол қойғаннан кейін беріледі.

Тапсырыс берушіге қағаз тасымалдағыштағы төлем шоты (инвойс, егер Жеткізуші бейрезидент болса, орыс немесе ағылшын тілдерінде) Жеткізушінің басшысы немесе оны алмастыратын тұлға қол қойған ілеспе хатпен бірге беріледі. Ілеспе хатта Жеткізуші Шарттың атауын, күнін және нөмірін көрсетуі тиіс.

Шот-фактураны Жеткізуші Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес (бейрезиденттер үшін - Жеткізуші елінің) жазып береді.

2.3. Барлық салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленеді. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген салықтарға, баждарға және бюджетке төленетін өзге де осыған ұқсас төлемдерге қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасы өзгерген жағдайда Тараптар екі Тараптың да қосымша келісімге қол қоюы арқылы Шартқа тиісті өзгерістер енгізуге міндеттенеді.

2.4. Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасынан Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзінен табыс салығы ұсталады.

2.5. Факсимильді байланыс және/немесе өзге тәсілмен алынған құжаттардың заңды күші болады және Тапсырыс беруші оларды кейіннен күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде түпнұсқаларға ауыстыра отырып қабылдайды (Тапсырыс берушінің қаласынан тыс орналасқан Жеткізушілер үшін).

2.6. Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлемдерді Шарт бойынша төлемді жүзеге асыру күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша ____ (валюта түрі) жүзеге асырады (бұл тармақ Жеткізуші ҚР бейрезиденті болып табылған жағдайда қолданылады).

3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

3.1. Тапсырыс беруші:

1) Жеткізушіні Тауардың жеткізілу барысына, Жеткізуші жеткізетін Тауардың сапасы мен санына бақылауды жүзеге асыруға уәкілетті жауапты адамдар туралы хабардар етуге;

2) Жеткізуші жеткізген Тауарды <Тауарды жеткізу фактісін растайтын және Шарт бойынша төлемді жүзеге асыруға негіз болатын құжаттың атауы> негізінде Шарт талаптарына сәйкес қабылдауға;

3) Шарт талаптарына сәйкес Шарт бойынша ақы төлеуге міндеттенеді;

4) Тапсырыс берушінің өткізу және объектішілік режимдері бойынша ілеспе жұмыстарды орындау үшін Жеткізуші тартатын қызметкерлерге нұсқама, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік, өрт қауіпсіздігі, қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау бойынша жұмыс орнында кіріспе нұсқама және нұсқама жүргізуге;

5) Егер шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде пара алу (беру), бопсалау, лауазымды адамға пара беру немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынған басқа да құқыққа қайшы әрекеттер анықталса, бұл туралы Тараптардың басшыларын және Шарт бойынша уәкілетті органы жазбаша хабардар етуге;

6) Тараптардың Шарттан туындайтын және Шартта реттелмеген мәселелерін және басқа да қатынастарын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуге және/немесе реттеуге міндеттенеді.

3.2. Тапсырыс беруші:

1) Тауарды қабылдау-өткізу барысында оның техникалық ерекше нұсқамаға сәйкестігін растау үшін Тауардың сапасы мен санын тексеруді жүзеге асыруға;

2) Тауардың жеткізілу барысын, Жеткізуші жеткізетін Тауардың сапасы мен санын бақылауға уәкілетті жауапты адамдарды тағайындауға;

3) жеткізілген Тауардан қабылдау-өткізу барысында кемшіліктер, ескертулер, жиынтығының және (немесе) моделінің сәйкес келмеуі, толық істемеулер, қателер, іркілістер (бұдан әрі – ақаулар) анықталған жағдайда Шартта белгіленген мерзімде оны жаңа, бағасы жағынан ұқсас және тиісті сападағы (не жақсартылған сапалық сипаттамалары бар) Тауарға ауыстыруды не Жеткізушіге дәлелді жазбаша бас тарту жібере отырып, Тауарды қабылдаудан және ақы төлеуден бас тартуға.

4) Шарттың 3.3-тармағының 7) тармақшасына сәйкес Жеткізушіден хабарлама алған жағдайда ахуалды бағалауға және өз қалауы бойынша және Жеткізушінің кінәсінен тыс туындаған объективті себептер болған кезде Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін ұзартуға;

5) Шарттың осы тармағының 4) тармақшасында көзделген жағдайда Жеткізушіден растайтын құжаттарды талап етуге;

6) Шартта көзделген жағдайларда және тәртіппен Шартты кез келген кезеңде біржақты тәртіппен бұзуға;

7) Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы не тиісінше орындамауы немесе Шартта көзделген негіздер бойынша тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) мерзімінде және тәртіппен төлемеуі салдарынан Шарт бұзылған жағдайда Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтармауға.

8) Жеткізушіден Тапсырыс берушінің өткізу және объектішілік режимдерінің талаптарын, Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі заңнамасына сәйкес Тапсырыс берушінің аумағында және ғимаратында, жұмыс учаскелерінде және жұмыс орындарында тұтынушылардың электр қондырғыларын пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын, өрт қауіпсіздігі қағидаларын, еңбек қауіпсіздігі

және еңбекті қорғау техникасын, қауіпсіздік техникасы қағидаларын сақтауды талап етуге;
9) ілеспе жұмыстарды орындау кезеңінде Жеткізушіден техникалық көмек пен консультацияларды тегін алуға;
10) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда төлем жасамауға;
11) Шарттың талаптарына және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Жеткізушіге есептелген тұрақсыздық айыбын (өсімпұлды, айыппұлды) шегергендегі төлемді жүргізуге;
12) кез келген хабарламаны екінші Тарапқа жіберген кезде Шартқа сәйкес оны пошта, факс, электрондық пошта немесе кез келген басқа тәсілмен жіберуге құқылы.

3.3. Жеткізуші:

- 1) Тауарды тиісті сапада, техникалық ерекше нұсқамаға сәйкес, Шартта көзделген санда, мерзімде және талаптарда жеткізуге;
- 2) Тараптар Актіге қол қойғанға дейін Тауардың жоғалу, бүліну немесе кездейсоқ бүліну тәуекелін көтеруге;
- 3) Тапсырыс беруші қабылдау-өткізу барысында Ілеспе жұмыстары бар Тауардан ақаулар анықтаған жағдайда, Тапсырыс берушіден хабарлама алған күннен бастап күнтізбелік 20 (жиырма) күн ішінде оларды өз есебінен жоюға;
- 4) Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған күннен бастап 24 ай ішінде тауардың сапасына кепілдік беру <тауарды жеткізу фактісін растайтын және шарт бойынша төлемді жүзеге асыру үшін негіз болып табылатын құжаттың атауы> Тапсырыс берушіге кепілгердің (Жеткізушінің) міндеттемелерін орындамағаны үшін өзінің жауапкершілігі туралы жазбаша хабарлама беру арқылы;
- 5) Шарттың қолданылу мерзіміне қарамастан, Тапсырыс берушіден алынған жасырын және басқа да ақпаратты жария етпеуге және құпия сақтауға;
- 6) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына немесе тиісінше орындамауына байланысты Шарт бұзылған жағдайда Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;
- 7) егер Шартты орындау кезеңінде Жеткізуші кез келген сәтте Шарттың уақтылы орындалуына кедергі келтіретін талаптарға тап болса, Жеткізуші Тапсырыс берушіге кідіру фактісі, оның болжамды ұзақтығы және себебі (себептері) туралы дереу жазбаша хабарлама жіберуге тиіс;
- 8) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Шарт бойынша өз міндеттемелерін біреуге толық не ішінара бермеуге (*қажет болғанда*);
- 9) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;
- 10) Тараптар Шартқа қол қойған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Шарттың жалпы сомасынан 3 % (үш пайыз) мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуге міндеттенеді;

Жеткізуші Шарттың орындалуын қамтамасыз етудің мынадай түрлерінің бірін таңдауға құқылы:

Тапсырыс берушінің мына банктік шотына енгізілетін ақшалай кепілдік жарна:

ҚРҰБ операциялық есепке алу департаменті, БСН 941 240 001 151, «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ-дағы ЖСК KZ86 125K ZT50 0410 0100, БСК NBRKKZKX,

коды 13;

банктік кепілдік немесе Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық құжат түріндегі банктік кепілдік;

электрондық әмиянға орналастырылған ақша;

11) тиынмен есептелген сатып алу туралы шарттың орындалуы үшін енгізілген қамтамасыз ету сомасы дөңгелектелсін. 50 (елу) тиыннан аз сома нөлге дейін дөңгелектеледі, ал 50 (елу) тиынға тең және одан жоғары сома 1 (бір) теңгеге дейін дөңгелектеледі;

12) Шарт бойынша міндеттемелер толық орындалғанға дейін үшінші тұлғаларда енгізілген ақшалай кепілдік жарнаға тұтастай не оның бір бөлігін талап ету құқығының туындауына әкеп соғатын іс-әрекеттер жасауға жол бермеуге;

13) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат беруге;

14) Тапсырыс берушіге Жеткізушінің Шарт талаптарын орындамауынан және/немесе тиісінше орындамауынан және/немесе өзге де заңсыз іс-әрекеттерінен туындаған, оған келтірілген шығындарды толық көлемде өтеуге;

15) жасалған Шарт бойынша міндеттемелерді орындау басталғанға дейін 3 (үш) жұмыс күні бұрын (шетел азаматтары мен шетелдік ұйымдардың өкілдері үшін 25 (жиырма бес) жұмыс күні бұрын):

ілеспе жұмыстары бар Тауарды жеткізуге тартылатын қызметкерлердің тегін, атын, әкесінің атын көрсете отырып, рұқсат берілетін жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, Тапсырыс берушінің аумағына және ғимаратына кіруге рұқсат беру туралы (қажет болған жағдайда ұсынылады);

атауын, маркасын, түрі мен санын көрсете отырып, жабдықтар мен құрал-саймандарын алып кіру туралы (қажет жағдайда ұсынылады);

атауын, маркасын, түрі мен санын және Шарт талаптарын орындау барысында оларды пайдалану қажеттігін негіздей отырып, оларды пайдаланатын тұлғаларды көрсету арқылы, қызметтік: есептеуіш техника құралдарын (компьютерлерді, тасымалды компьютерлерді және басқаларын), тасымалды электронды ақпарат тасымалдағыштарын (флеш-дискілерді, CD, DVD-дискілерді, магнитті таспаларды, ZIP, қатқыл дискілерді және басқаларын), бейне-, кино-, фототүсіру функцияларынсыз және ашық операциялық жүйе мен функцияларсыз ұялы телефондарын (Wi-Fi, Wi-Lan, Bluetooth, IR және басқа сымсыз қолжетімді модульдерін) алып кіру туралы (қажет жағдайда ұсынылады);

маркасы мен мемлекеттік нөмірін көрсете отырып, көлік құралдарын (тіркеу құжаттары бойынша) кіргізу туралы (қажет жағдайда ұсынылады) хат жіберуге;

16) Тапсырыс берушінің аумағы мен ғимаратына кіру/шығу кезінде жеке басын куәландыратын құжатты, мүлікке берілген ілеспе құжатты өзімен бірге алып жүруге және көрсетуге, және келу мақсаты туралы хабарлауға, (кіру/шығу кезінде) тиісті тексеру рәсімдерінен өтуге;

17) Тапсырыс берушінің аумағына (аумағынан) және ғимаратына (ғимаратынан) мына заттарды көлікпен әкелуге (әкетуге), алып кіруге (алып шығуға), сондай-ақ пайдалануға тыйым салу туралы режимдік талаптарды сақтауға:

атыс қарулары, суық және басқа да қарулар, оқ-дәрілер;

адам организміне емдік немесе профилактикалық әсер етуді қолдауға не ағзаның органдары мен жүйелерінің функцияларын алмастыруға немесе түзетуге арналған медициналық аппараттар мен жабдықтарды қоспағанда, жеке көзбен шолып бақылау құралдарын, бейне -, кино - және фотоаппаратураларды, жазып алатын құрылғыларды, есептеу техникасын, ақпаратты машиналық тасымалдағыштарды (флеш-карталар, USB-дискілер және басқалар), ұялы байланыс құралдарын, сондай-ақ оларға керек-жарақтарды, жеке электрондық техниканы, радиотехникалық және басқа да аппаратуралар;

деректерді беру, сондай-ақ халықаралық жаһандық желілер мен Интернет желісіне (Wi-Fi, Bluetooth, 3G, 4G, 4G, 5G және т.б.) шығу мүмкіндігі бар техникалық құрылғылар, оның ішінде

сымсыз құрылғылар;

уландырғыш заттар мен күшті әсер ететін улы заттар;

бактериологиялық, биологиялық және химиялық заттар;

радиоактивті заттар;

психотроптық заттар, жарылғыш заттар, жарылғыш құрылғылар, жарылыс қаупі бар және тез тұтанатын заттар;

алкогольдік ішімдіктер, есірткі заттары, тез тұтанатын сұйықтықтар (өндірістік мақсаттарға қажеттілерді қоспағанда);

18) ілеспе жұмыстарды орындау басталғанға дейін қызметкерлердің Қазақстан Республикасының заңнамасына сай өнеркәсіптік қауіпсіздік, өрт қауіпсіздігі, қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау жөнінде кіріспе нұсқамадан және жұмыс орындарында нұсқамадан, сондай-ақ Тапсырыс берушінің өткізу және объектішілік режимдері бойынша нұсқамадан өтуін қамтамасыз етуге;

19) ілеспе жұмыстарды орындау кезінде Қазақстан Республикасының Еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі заңнамасына сәйкес, Тапсырыс берушінің аумағында және ғимаратында, жұмыс учаскелері мен жұмыс орындарында өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының, өрт қауіпсіздігі, қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау қағидаларының, Тапсырыс берушінің өткізу және объектішілік режимдері талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге;

20) ілеспе жұмыстарды орындау кезінде электр қондырғыларын пайдалану тәртібін реттейтін стандарттардың талаптарына сәйкес электр қондырғыларын пайдалану кезінде электр қауіпсіздігі және қауіпсіздік техникасы қағидаларының сақталуын қамтамасыз етуге;

21) ілеспе жұмыстарды орындау кезінде санитариялық-гигиеналық, экологиялық, өртке қарсы және Қазақстан Республикасы заңнамасының басқа да талаптарына жауап беретін жабдықтар мен сапалы материалдарды пайдалануға;

22) Тауарды жеткізу және ілеспе жұмыстарды орындау басталғанға дейін Жеткізуші, қосалқы мердігер қызметкерлерінің Тауарды ілеспе жұмыстармен жеткізу кезінде алынған жасырын ақпаратты Шарттың қолданылу мерзіміне қарамастан жария етпеу туралы міндеттемеге қол қоюын қамтамасыз етуге;

23) Кеден одағының «Төмен вольтті жабдықтың қауіпсіздігі туралы» техникалық регламентін (КО ТР 004/2011) қабылдау туралы» Кеден одағы комиссиясының 2011 жылғы 16 тамыздағы № 768 шешіміне сәйкес Тапсырыс берушіге Тауармен бірге сәйкестік сертификатының (декларациясының) көшірмесін және өзге де құжаттаманы (дайындаушы зауыттың сертификаттары, пайдаланушы нұсқаулықтары және т.б.) ұсынуға міндетті;

24) Шарт бұзылған жағдайда, Өзара есеп айырысуды салыстырып тексеру актісіне оны Тапсырыс берушіден алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қол қоюға;

25) Тауарды Тапсырыс берушінің орналасқан жеріне өз көлігімен жеткізуге;

26) Тапсырыс берушіні Тауар келетін көліктің нөмірі туралы хабардар етуге, сондай-ақ Тауарды қабылдау-өткізуге қатысушылардың, өкілдерінің деректерін хабарлауға;

27) Тапсырыс берушіге Тауарды бергенге және ілеспе жұмыстарды орындағанға дейін Тапсырыс берушінің қызметкерін Тауарды пайдалану және оған қызмет көрсету ережелерімен таныстыруға;

28) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудың мүмкін еместігі салдарынан біржақты тәртіппен Шарт бұзылған жағдайда, бұл туралы Тапсырыс берушіге жазбаша хабарлауға, Шарттың талаптарына сәйкес шығынды толық көлемде өтеуге және тұрақсыздық айыбын төлеуге;

29) ілеспе жұмыстарды орындау үшін Жеткізушіге берілген Тапсырыс беруші жабдықтарының, материалдарының, құжаттарының сақталуын қамтамасыз етуге. Материалдарды, құжаттарды және жабдықтардың жұмысқа жарамдылығын қалпына келтіру мүмкін болмаған жағдайда, жөндеуге (қалпына келтіруге) және жөндеу (қалпына келтіру) кезінде амалсыз тоқтап тұруға

кеткен барлық шығынды жөндеу (қалпына келтіру) мерзімі ішінде (жіберіп алған пайда үшін де) өтеуге;

30) ілеспе жұмыстарды орындау кезеңінде Тауарды жеткізу және ілеспе жұмыстарды орындау қызметін үйлестіру үшін байланыстырушы тұлғаны белгілеуге;

31) ілеспе жұмыстары бар Тауарды жеткізу кезінде Тапсырыс берушіге көлемі мен өлшем бірліктерін көрсете отырып, Тауар құнының жекелеген позицияларын және орындалатын ілеспе жұмыстардың, шығыс материалдарының және сол сияқтылардың құнын қоса алғанда, ілеспе жұмыстары бар Тауар құнының егжей-тегжейін ұсынуға міндетті. Барлық ақпарат кесте түрінде немесе құжатты талдауға ыңғайлы басқа түрде ресімделуі тиіс;

32) Тапсырыс берушінің ілеспе жұмыстарды орындау үшін бөлінген аумағында және үй-жайларында қосалқы мердігерлер болған кезде өз жұмыстарын олармен өз бетінше үйлестіруге міндеттенеді.

Көрсетілетін ілеспе жұмыстың жалпы көлемінің үштен екісінен асатын жұмыс көлемін қосалқы мердігерлерге беруге жол берілмейді;

33) егер Тапсырыс беруші себебін көрсете отырып, Жеткізушінің немесе қосалқы мердігердің қызметкері болып табылатын тұлғаны Қызмет көрсетуден шеттету туралы өтінген жағдайда, 72 сағат ішінде шеттетуге, бұдан кейін аталған тұлғаның Қызмет көрсетумен еш байланысы болмауы тиіс;

34) Жеткізуші жеткізетін барлық материалдар мен жабдықтарды жеткізуді, көлікпен тасымалдауды, түсіруді және сақтауды ұйымдастыруға жауапкершілік алуға міндетті. Жеткізу тек Жеткізушінің атына ғана жүргізіледі. Қандай жағдай болмасын Тапсырыс беруші жеткізумен, өңдеумен, сақтаумен және көлік құралдарының бос тұрып қалған уақытын төлеумен байланысты шығындарға жауап бермейді. Ешқандай жеткізулер Тапсырыс берушінің мекенжайына жолданбайды;

35) Тараптардың Шарттан туындайтын және ол жерде реттелмеген мәселелерін және басқа да қатынастарын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуге және/немесе реттеуге міндеттенеді.

3.4. Жеткізуші:

1) Шарт талаптарына сәйкес жеткізілген Тауарға ақы алуға;

2) Тауар бірлігінің бағасын өзгертпестен жақсартылған сапалық сипаттамалары бар тауарды жеткізуге құқылы.

3) ілеспе жұмыстарды орындау кезінде өндірістік қажеттілік жағдайында, мереке, демалыс күндері, сондай-ақ жұмыстан тыс уақытта жұмыс істеуге құқылы.

4. ТАУАРДЫ ЖЕТКІЗУ МЕРЗІМІ, ТАЛАПТАРЫ ЖӘНЕ ҚАБЫЛДАУ-ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

4.1. Тауарды толық көлемде жеткізу мерзімі/күні Тапсырыс берушіден жазбаша өтінім алған күннен бастап күнтізбелік 100 (жүз) күн.

4.2. Тауарды жеткізу орны: A01T7M2, Алматы қ., Райымбек даңғылы, № 511 үй.

4.3. Тапсырыс берушінің Шартқа сәйкес жеткізілген ілеспе жұмыстары бар Тауардың сапасын тексеру мерзімі – күнтізбелік 5 (бес) күн.

Тауарда ақаулар анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге жазбаша хабарламаны пошта, факс, электрондық пошта және басқалар арқылы жібереді.

4.4 Тауарда ақаулар болмаған немесе оларды жойған жағдайда екі Тарап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде Актіге қол қояды. Акт Тапсырыс беруші белгілеген нысан бойынша жасалады.

4.5. Шарт аясында жеткізілетін Тауар Шартқа қосымшада көрсетілген стандарттарға сәйкес

келуі немесе одан жоғары болуы тиіс.

4.6. Шарттың 3.4-тармағының 2) тармақшасына сәйкес ілеспе жұмыстары бар Тауар жеткізілген жағдайда Тараптарға Шартқа қосымша келісім жасасу талап етілмейді.

4.7. Тауарға меншік құқығы Тараптардың уәкілетті тұлғалары Актіге қол қойған сәттен бастап Тапсырыс берушіге өтеді.

4.8. Тауарды Тапсырыс беруші:

1) саны мен сапасы бойынша - жүкқұжатқа сәйкес;

2) бағасы бойынша - Шарттың талаптарына сәйкес қабылдайды.

4.9. Жеткізуші Тауарды Тапсырыс берушіге Шартқа 2-қосымшада көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте немесе Шарттың 3.4-тармағының 2) тармақшасына сәйкес толық берген жағдайда тауар жеткізілген болып есептеледі.

5. КЕПІЛДІКТЕР

5.1. Жеткізуші Тараптардың уәкілетті адамдары *<Тауарды жеткізу фактісін растайтын және Шарт бойынша төлемді жүзеге асыруға негіз болатын құжаттың атауы>* қол қойған күннен бастап 24 ай ішінде Тапсырыс беруші ұсынған нысан бойынша кепілгердің міндеттемелерін орындамағаны үшін өзінің жауапкершілігі туралы жазбаша хабарламаны Тапсырыс берушіге беру арқылы Тауардың сапасына кепілдік беруге міндеттенеді.

5.2 Кепілдік мерзімі ішінде жеткізілген Тауарда ақаулар анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге жазбаша хабарлама жібереді, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіден жазбаша хабарлама алған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде оларды өз есебінен жоюға немесе ақаулы Тауарды бағасы ұқсас және тиісті сападағы жаңа Тауарға ауыстыруға (не сапалық сипаттамалары жақсартылған) міндеттенеді.

5.3. Ауыстырылған Тауарға немесе ақаулар жойылған Тауарға кепілдік мерзімі ақауларды жою немесе ақаулы Тауарды ауыстыру жүргізілген уақыт кезеңіне ұзартылады.

5.4. Ақауларды жою немесе ақаулары бар Тауарды бағасы мен тиісті сапасына ұқсас (не сапалық сипаттамалары жақсартылған) жаңа тауарға ауыстыру мүмкін болмаған/бас тартқан жағдайда, Жеткізуші Шартта белгіленген мерзімде Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

5.5. Жеткізушінің кепілдік міндеттемелері Шарттың 5.1-тармағында, Актіде, жазбаша кепілдік міндеттемеде, Тауардың жұмысқа жарамдылығын қалпына келтіру актісінде немесе оны ауыстыру актісінде белгіленген мерзім ішінде қолданылады.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

6.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

6.2. Форс-мажор жағдайларын қоспағанда Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші Шарт шеңберінде өзінің басқа құқықтарына нұқсан келтірмей Жеткізушіден өндіріп алады, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын:

1) Шарттың 4.1-тармағында көзделген мерзім бұзылған жағдайда Тауарды жеткізу күнін қоса алғанда, кешіктірілген әрбір күнтізбелік күн үшін Шарттың жалпы сомасынан 0,5 % (ноль бүтін оннан бес пайыз), бірақ Шарттың жалпы сомасынан 15 % (он бес пайыздан) аспайтын мөлшерде өсімпұл;

2) ақаулы Тауарды ауыстыру мерзімі бұзылған немесе Тауардағы ақаулар жойылған жағдайда - ақаулы Тауарды жаңа, бағасы ұқсас және тиісті сападағы (не сапалық сипаттамалары жақсартылған) Тауарға ауыстыру күнін қоса алғанда, кешіктірілген әрбір күнтізбелік күн үшін Шарттың жалпы сомасынан 0,5 % (ноль бүтін оннан бес пайыз), бірақ Шарттың жалпы сомасынан 15 % (он бес пайыздан) аспайтын мөлшерде өсімпұл.

6.3. Ақауларды жоюға және (немесе) ақаулы Тауарды бағасы мен тиісті сапасы бойынша ұқсас жаңа (не сапалық сипаттамалары жақсартылған) Тауарға ауыстыруға мүмкіндігі болмаған/бас тартқан жағдайда:

- Тауарды қабылдау-өткізу барысында Жеткізуші ақаулы Тауар құнынан 15 % (он бес пайыздан) мөлшерінде айыппұл төлейді;

- Жеткізуші кепілдік мерзімі кезеңінде ақаулы Тауар құнынан 15 % (он бес пайыздан) мөлшерінде айыппұл төлейді және Тапсырыс берушіге ақаулы Тауардың құнын қайтарады.

6.4 Шарт бойынша төлем мерзімі бұзылған жағдайда Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлем күнін қоса алғанда, кешіктірген әрбір жұмыс күні үшін төленуі тиіс сомадан 0,5 % (ноль бүтін оннан бес пайыз), бірақ төленуі тиіс сомадан 15 % (он бес пайыздан) аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

6.5. Тараптардың бірі Шарттың 7-бөлімін бұзған жағдайда, жасырын ақпаратты жария еткен Тарап екінші Тарапқа Шарттың жалпы сомасынан 15 % (он бес пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді. Бұл ретте Тапсырыс беруші өзінен алынған жасырын ақпаратты жария ету салдарынан келтірілген залалды Жеткізушіден өтеуін талап етуге құқылы.

6.6. Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші төлемді жүзеге асыру кезінде Жеткізушінің келісімінсіз тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасын дербес ұстап қалуға құқылы (*Тауарды жеткізу фактісі бойынша төленген жағдайда*).

6.7. Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасын төлеу Тараптарды Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

6.8. Жеткізушінің Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу мерзімі Тапсырыс берушіден тиісті хабарлама алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

6.9. Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді толық көлемде ұсынбаған жағдайда Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың орындалуын қамтамасыз етудің енгізілмеген сомасынан 1% (бір пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді.

6.10. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету енгізілмеген не уақтылы енгізілмеген жағдайда Тапсырыс беруші Жеткізушіге тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз ету сомасын қайтармайды (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуі туралы талап болған кезде).>.

6.11. Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны салдарынан Тапсырыс берушінің бастамасы бойынша Шарт біржақты тәртіппен бұзылған жағдайда Тапсырыс беруші Жеткізушіге Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтармайды Бұл ретте Жеткізуші Тапсырыс берушіге алдын ала төлем сомасын қайтарады (алдын ала төлем болған кезде).

Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны салдарынан Тапсырыс берушінің бастамасы бойынша Шарт біржақты тәртіппен бұзылған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасынан 15 % (он бес пайыз)

мөлшерінде айыппұл төлейді (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуі туралы талап болмаған кезде). Бұл ретте Жеткізуші Тапсырыс берушіге алдын ала төлем сомасын толық көлемде (алдын ала төлем болған кезде) қайтарады.

6.12 Жеткізуші Тауарды жеткізу және ілеспе жұмыстарды көрсету кезінде Жеткізушінің қызметкерлерімен және қосалқы мердігердің қызметкерлерімен болған барлық жазатайым оқиғалар бойынша, оның ішінде оның өз қызметкерлерінің және қосалқы мердігер қызметкерлерінің:

1) Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі заңнамасына сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын, өрт қауіпсіздігі, қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау қағидаларын;

2) электр қондырғыларын пайдалану тәртібін реттейтін стандарттарда белгіленген электр қондырғыларын пайдалану кезінде электр қауіпсіздігі мен қауіпсіздік техникасы қағидаларын сақтамағаны үшін жауапты болады.

6.13. Тапсырыс беруші Шарттың 3.3-тармағының 28) тармақшасында көрсетілген жазбаша хабарламаны алған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасының 15% (он бес пайызы) мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл) төлейді.

7. ЖАСЫРЫНДЫЛЫҚ

7.1. Тараптар тұтастай алғанда Шарт талаптарының және ұсынушы Тарап жасырын ретінде белгілеген барлық ақпаратты (оның ішінде техникалық құжаттама, жоспарлар, сызбалар, модельдер, үлгілер немесе Тапсырыс беруші немесе оның атынан басқа тұлғалар ұсынған өзге де ақпарат) екінші Тарап көрсетілген ақпаратты ұсынатын Тараптың жазбаша рұқсатынсыз, ешқандай үшінш тарапқа:

1) Шартты орындау үшін Жеткізуші тартқан қызметкерге ұсыну жағдайын қоспағанда, жария ете алмайтынын мойындайды. Көрсетілген ақпарат аталған қызметкерге жасырын түрде және шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажетті шамада ұсынылуы тиіс;

2) егер мұндай жария ету заңнамада ұйғарылса не оған уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сұратуы негізінде жүзеге асырылған жағдайды қоспағанда, жария ете алмайтынын мойындайды.

7.2. Жеткізуші Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз жоғарыда аталған қандай да бір құжаттарды немесе ақпаратты Шартты іске асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбайды.

7.3. Жасырын ақпаратты жария еткен жағдайда Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

8. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ (ФОРС-МАЖОР)

8.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін, егер ол Тараптар алдын ала болжай алмаған және Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер еткен мынадай еңсерілмейтін күштің: су тасқыны, жер сілкінісі және өзге де дүлей зілзалалар, экологиялық апаттар, әскери іс-қимылдар, террорлық актілер, азамат соғысы, халықтық толқулар, шектеу шаралары, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдердің туындауы, Қазақстан Республикасының құқықтық актілерінің қабылдануы салдарынан болса жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күш жағдайларының әсеріне ұшыраған Тараптың міндеттемелерін орындау мерзімі осындай жағдайлардың қолданылу кезеңіне ауыстырылады.

8.2. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау мүмкін болмайтын Тарап Шарттың 8.1-тармағында көрсетілген жағдайлардың басталғаны және тоқтатылғаны туралы олардың себептерін көрсете отырып, екінші Тарапты дереу жазбаша хабардар етеді, сондай-ақ тиісті уәкілетті органның растайтын құжатын ұсынады. Жалпыға мәлім фактілер дәлелдемелерді талап етпейді. Бұл ретте Тараптардың келісімі бойынша Тараптардың Шарт бойынша міндеттемелерді одан әрі орындаудан бас тартуға құқығы бар, одан кейін Тараптардың ешқайсысы екінші Тараптан қандай да бір зиянды өтеуді талап етуге құқығы жоқ.

8.3. Егер Тапсырыс берушіден өзге жазбаша нұсқаулықтар түспесе, Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындылығына қарай орындауды жалғастырады және көрсетілген жағдайларға байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздестіруді жүргізеді.

9. ШАРТТЫҢ ОРЫНДАЛУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

(бұл бөлім Шартта Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы талаптар болған кезде қолданылады)

9.1. Жеткізуші Шарт жасалған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Шарттың орындалуын қамтамасыз етудің мынадай түрлерінің бірін Шарттың жалпы сомасынан 3% (үш пайыз) мөлшерінде енгізеді:

- 1) Тапсырыс берушінің банк шотына енгізілетін кепілдік ақшалай жарна;
- 2) банк кепілдігі немесе Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық құжат түріндегі банк кепілдігі;
- 3) электрондық әмиянға орналастырылған ақша

9.2. Тапсырыс беруші енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Жеткізушіге Тапсырыс беруші мен Жеткізушінің уәкілетті адамдары *<Тауарды жеткізу фактісін растайтын және Шарт бойынша төлемді жүзеге асыруға негіз болатын құжаттың атауы>* қол қойған күннен бастап және (немесе) Жеткізуші Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қайтарады.

9.3. Егер Шарт Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны не Шартта көзделген негіздер бойынша, мерзімде және тәртіппен тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлемеуі салдарынан Шарт бұзылса, Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтармайды.

10. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТАЛАПТАРЫ

10.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау процесінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар оларды соттан тыс тәртіппен реттеу үшін барлық қажетті шараларды қолдануға міндетті.

10.2. Егер Тараптар келісімге келмесе, даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен қаралады.

10.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі және даулар туындаған жағдайда олар Қазақстан Республикасының соттарында қаралатын болады.

11. ШАРТҚА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ ТАЛАПТАРЫ

11.1. Орналасқан жері және/немесе деректемелері өзгерген жағдайда Тарап екінші Тарапты тиісті шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша нысанда хабардар етеді.

11.2. Шартқа барлық өзгерістер Шарттың 11.1-тармағында көрсетілген өзгерістерді қоспағанда, қосымша келісіммен ресімделеді және оған Тараптар қол қояды.

11.3. Тапсырыс беруші:

1) Тапсырыс беруші Қағидалардың 14-тармағына сәйкес сатып алудан бас тартқан;

2) Жеткізуші ұсынған мәліметтерде дәйексіз ақпарат анықталған;

3) Тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) Жеткізушіге Қағидаларда көзделмеген көмекті көрсеткен;

4) егер Жеткізуші банкрот немесе төлемге қабілетсіз болса, сондай-ақ тиісті сот процесіне тартылған жағдайда Шартты кез келген кезеңде біржақты тәртіппен бұзуға құқылы. Бұл жағдайда бұзу дереу жүзеге асырылады және Тапсырыс беруші Жеткізушіге қатысты ешқандай қаржылық жауапкершілікте болмайды;

5) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда Шартты кез келген кезеңде біржақты тәртіппен бұзуға құқылы. Бұл ретте Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады;

6) Шартты одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда Шартты кез келген кезеңде біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

11.4. Шарт біржақты тәртіппен бұзылған жағдайда Тапсырыс беруші Жеткізушіге Шартты бұзудың болжамды күніне дейін күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын Шартты бұзу туралы жазбаша хабарлама жібереді, ол өткен соң Шарт бұзылды деп есептеледі. Хабарламада Шартты бұзу себебі, күші жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзу күні көрсетілуі тиіс.

12. ШАРТТЫҢ КҮШІНЕ ЕНУ ТАЛАПТАРЫ

12.1. Шарт Жеткізуші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді толық көлемде енгізген күннен бастап күшіне енеді және Тараптар ол бойынша міндеттемелерді, оның ішінде кепілдік міндеттемелерді толық орындағанға дейін қолданылады.

13. ШАРТТЫҢ ТІЛІ

13.1. Шарт әрқайсысының заңды күші бірдей төрт данада: екеуі қазақ тілінде және екеуі орыс тілінде жасалды.

14. БАСҚА ДА ТАЛАПТАР

14.1. Шартқа қосымша (қосымшалар) оның ажырамас бөлігі (бөліктері) болып табылады.

14.2. Тараптардың бірі қайта ұйымдастырылған жағдайда Шарт бойынша құқықтар мен міндеттер тоқтатылмайды және Тараптардың құқықтық мирасқорларына ауысады.

15. ТАРАПТАРДЫҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРЛЕРІ МЕН ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

Тапсырыс беруші:

<Тапсырыс берушінің толық атауы>
<Тапсырыс берушінің заңды мекенжайы мен тұрғылықты жері>
<Тапсырыс берушінің тұрғылықты жерінің нақты мекенжайы>
<Тапсырыс берушінің ЖСК >
<банктің атауы>
<Тапсырыс берушінің БСН>
<Тапсырыс берушінің БСК>
<Тапсырыс берушінің БЕК>

Тапсырыс берушінің атынан

_____ <қол қоюшының аты-жөні>
М.Ө. (қолы)

Жеткізуші:

<Жеткізушінің толық атауы>
<Жеткізушінің заңды мекенжайы мен тұрғылықты жері>
<Жеткізушінің тұрғылықты жерінің нақты мекенжайы>
<Жеткізушінің ЖСК>
<банктің атауы>
<Жеткізушінің БСН>
<Жеткізушінің БСК>
<Жеткізушінің БЕК>

Жеткізушінің атынан

_____ <қол қоюшының аты-жөні>
М.Ө. (қолы)

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК - банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН - төлеушінің есептік нөмірі;

ҚҚС - қосылған құн салығы;

Т.А.Ө. - тегі, аты, әкесінің аты.

ДОГОВОР

<идентификационный номер>

о закупках

<наименование товара>

<регион заказчика>

<дата договора>

<полное наименование заказчика>, именуемое (-ый, -ая) в дальнейшем «Заказчик», в лице <должность и ФИО подписанта заказчика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с одной стороны, и <полное наименование поставщика>, являющееся (-ийся) <признак резидентства поставщика>, действующее (-ий) на основании <лицензия, разрешительный документ>, именуемое (-ый) в дальнейшем «Поставщик», в лице <должность и ФИО подписанта поставщика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», в соответствии с подпунктом 1) пункта 17 Правил приобретения товаров, работ и услуг Национальным Банком Республики Казахстан, его ведомствами, организациями, входящими в его структуру, и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия в уставном капитале) которых принадлежат Национальному Банку Республики Казахстан или находятся в его доверительном управлении, уполномоченным органом по регулированию, контролю и надзору финансового рынка и финансовых организаций, утвержденных постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 27 августа 2018 года №192 (далее – Правила), и протоколом об итогах закупок <наименование товара> способом тендера <дата утверждения протокола>, заключили настоящий договор (далее – Договор) о нижеследующем.

1. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА

1.1. Заказчик на портале закупок _____ разместил объявление о проведении закупок <наименование товара> (далее – Товар) способом тендера и принял тендерную заявку Поставщика на сумму _____ тенге ___ тиын (_____ тенге ___ тиын), <без учета суммы НДС>.

